# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 шілде N 267

## 1-тарау. Жалпы ережелер

**1-бап. Заңның мақсаты**

1. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

2. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

**2-бап. Негізгі ұғымдар**

1. Осы Заңда мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.<*>

2. Осы Заңда, сондай-ақ өзге заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар (сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар) болып табылады.

3. Мемлекеттік міндеттер - Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен мемлекеттің, оның органдары мен мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың өкілеттігіне жатқызылған іс жүргізу мәндері.

3-1. Мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау міндеттері - заңдармен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, заңдардың бұзылу себептері мен жағдайларын анықтау мен жою, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі біркелкі қолданылуын және нормативтік актілердің міндетті талаптарының орындалуын тексеру жөнінде жүзеге асыратын міндеттері.

4. Лауазымды адамдар - тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша

мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-билік етушілік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерін атқаратын адамдар.

5. Жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар - мемлекеттің міндеттері мен мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген қызметтерді атқаратын адамдар.

*ЕСКЕРТУ.2-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасының 1999.07.23. N 454* Заңымен. *Өзгеріс 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

*ЕСКЕРТУ. 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.06.08. N 206* Заңымен.

*Ескерту. 2-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**3-бап. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық субъектілері <*>**

1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін осы Заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) барлық лауазымды адамдар, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттары, судьялар;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер жатады.

3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;

2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес процент болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар теңестіріледі.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне лауазымды және мемлекеттік міндет атқаруға уәкілетті өзге де адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асырушы, сол сияқты оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды тұлғалар да жатады.

*Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда- Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**4-бап. Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының күллі аумағында барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Осы Заң Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Жекелеген мемлекеттік міндеттерді атқару тәртібі туралы (мәслихат

депутаттарының, судьялардың мәртебесі туралы, мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының қызмет өткеруі туралы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың өзге де ықтимал субъектілері туралы) заңдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулер мен тыйым салу көзделетін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

3. Судьялар, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапты болады.

4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза, әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше Қазақстан Республикасының Қылмыстық**кодексінде** және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделеді. <*>

*Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда- Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:

1) барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;

2) мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;

6) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу;

7) сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу;

9) осындай қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге өкілеттік берілуін болдырмау, сондай-ақ оған бақылау жасау;

10) сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды анықтау, ашу, жолын кесу және олардың алдын алу мақсатында жедел-іздестіру қызметі мен өзге де қызметтерді жүзеге асыру, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен заңға қайшы тапқан ақша қаражаты мен өзге де мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану;

11) осы Заңның 3-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында аталған адамдар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару органдарында ақы төленетін қызметтер атқаруға тыйым салуды белгілеу негізінде

жүзеге асырылады, бұған мұндай қызметті атқару заңмен белгіленген қызметтік міндеттерімен көзделген реттер қосылмайды.

**6-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар**

1. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз құзыреттері шегінде осы Заңның талаптарын орындауды және онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, кадр, бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді осыған тарта отырып, қамтамасыз етеді.

2. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына айыпты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржы полициясы мен әскери полиция органдары жүзеге асырады.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған органдар өз өкілеттіктерінен туындайтын шараларды қолдануға және жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстар анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және ақпарат органдарына дереу жіберуге міндетті.

Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған лауазымды адамдар мен органдар сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істі, материалды, хаттаманы, ұсынымды жолдаған адамға немесе органға заңдарда белгіленген мерзімде оларды қарау нәтижелері туралы жазбаша хабарлауға міндетті. <*>

4. Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік орган құруға, оның мәртебесі мен өкілеттігін айқындауға хақылы.

*Ескерту. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.12. N 240* Заңымен.
*Ескерту. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346* Заңымен.
*Ескерту. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**7-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарға тиіспеушілік кепілдіктері**

1. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және осы Заңның 6-бабының 2 және 4-тармақтарында аталған органдардың немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етіледі. Бұл ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4. Осы баптың ережелері көрінеу жалған ақпарат хабарлаған осы Заңға сәйкес жауап беруге тиіс адамдарға қолданылмайды.

# 2-тарау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және ол үшін жауаптылық

**8-бап. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға үміткер адамдарға қойылатын арнайы талап**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға не осындай міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген органдар мен ұйымдарда мемлекеттік лауазым атқаруға үміткер адамдар өздерінің мәртебесін және соған негізделген беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында осы Заңмен және өзге де заңдармен белгіленген шектеулерді қабылдайды, бұл ретте аталған адамдар мұндай іс-әрекеттердің құқықтық салдары туралы хабардар етіледі.

2. Аталған адамдардың шектеулерді қабылдауға келісім жазбаша түрде тиісті ұйымдардың кадр қызметі белгілейді. Шектеулерді қабылдамау ол адамды мемлекеттік не соларға теңестірілген міндеттерді атқаруға шақырудан бас тартуға не жұмысынан босатуға немесе заңдарда көзделген тәртіппен аталған міндеттерді атқарудан өзгедей босатуға әкеп соғады.

**9-бап. Қаржы бақылау шаралары**

1. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе соларға теңестірілген міндеттерді атқаруға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар тұрғылықты жері бойынша салық органына:

табыстары туралы мәлімдеме;

салық салу объектісі болып табылатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан мүлік туралы аталған мүліктің бағаланған құны мен тұрған жері көрсетілген мәлімдеме;

банк мекемесін көрсете отырып, банк мекемелеріндегі, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі салымдары мен бағалы қағаздары туралы, сондай-ақ осы адамдар дербес немесе басқа адамдармен бірлесіп билік етуге хақылы ақша қаражаты туралы;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесі мен аталған ұйымдардың толық банк және өзге де реквизиттерін көрсете отырып, акционері немесе құрылтайшысы (қатысушысы) ретінде өзінің тікелей немесе жанама қатысуы туралы;

егер адам немесе оның жұбайы (зайыбы) трастардың бенефициары болса, тиісті банк шоттарының нөмірлерін көрсете отырып, сол трастар және олар тіркелген мемлекеттер туралы;

адамға немесе жұбайына (зайыбына) тиесілі айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен асатын мөлшердегі материалдық заттар мен ақша қаражатын ұстау немесе уақытша сақтау жөнінде онымен шарттық қатынастары, келісімдері және міндеттемелері (оның ішінде ауызша да) бар басқа ұйымдардың атаулары мен реквизиттері туралы мәліметтерді табыс етеді.

2. Мемлекеттік лауазым атқаратын адамдар өз өкілеттігін орындау кезеңінде жыл сайын, сондай-ақ жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдар босатылғаннан кейінгі үш жыл бойы салық заңдарында белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша салық органына мәлімдеме табыс етіп отырады.

3. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде және 2-тармағында аталған адамдардың жұбайы (зайыбы) тұрғылықты жері бойынша салық органына салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағындағы да, одан тыс жерлердегі де табыстары мен мүлкі туралы мәлімдемелер беріп отырады.

4. Осы баптың 1, 2-тармақтарында аталған адамдар тиісінше өздері лауазым атқаруға үміткер органға немесе жұмыс істейтін жері бойынша осы баптың 1-3-тармақтарында көрсетілген мәлімдемелер мен мәліметтерді алғандығы туралы салық органынан анықтама әкеліп тапсырады.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған адамдардың (мемлекеттік қызметтен

жағымсыз себептер бойынша босатылған адамдарды қоспағанда) осы бапта көрсетілген мәлімдемелер мен мәліметтерді табыс етпеуі немесе толық, дұрыс табыс етпеуі, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса, адамға тиісті өкілеттік беруден бас тартылу үшін негіз болып табылады не оны жұмыстан босатуға немесе мемлекеттік және оған теңестірілген міндеттерді атқарудан заңмен көзделген тәртіппен өзгедей босатуға әкеп соғады.

6. Адам мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерді атқарудан босатылғаннан кейін үш жылдың ішінде алғаш рет жасалған, осы баптың 5-тармағында аталған әрекет осы Заңның 6-бабының 2-тармағында аталған органдардың ұсынуы (хаттамалары) бойынша әкімшілік тәртіппен сот салатын елуден жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге әкеп соғады. Аталған мерзімде мұндай іс-әрекеттерді қайталап жасау осындай тәртіппен салынатын жүзден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге әкеп соғады.

7. Жауапты мемлекеттік лауазымдар атқаратын лауазымды адамдардың табыстарының мөлшері туралы және олардың көздері туралы мәліметтер, сондай-ақ сайланбалы мемлекеттік қызметке ұсынылған кезінде кандидаттардың табыстары туралы мәліметтер заңдарда белгіленген тәртіппен жариялануы мүмкін.

8. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдарға және соларға теңестірілген адамдарға өз атынан емес бөгде адамдар атынан, жасырын, бүркеншік атпен және басқаша да азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға тыйым салынады. Бұл мәмілелер заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады.

9. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі міндеттерді атқаруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік меншікке байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер мен қаржы қызметі туралы есепті мемлекеттік мүлікке қатысты меншік иесінің құқықтық өкілеттігін жүзеге асыратын мемлекеттік органға табыс етеді.

10. Салық органына келіп түсетін, осы бапта көзделген мәліметтер қызметтік құпия болып табылады. Оларды жария ету, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, кінәлі адамды жұмыстан босатуға әкеп соғады. Бұл мәліметтер осы Заңның 6-бабының 2 және 4-тармақтарында аталған органдардың, сондай-ақ соттың сұратуы бойынша ғана заңда белгіленген тәртіппен табыс етіледі.

11. Осы бапта көзделген қаржы бақылау шаралары Қазақстан Республикасында тұрғын үйді және тұрғын үй құрылысы үшін құрылыс материалдарын меншігіне сатып алуға байланысты құқық қатынастарына қолданылмайды. Тұрғын үйді және тұрғын үй құрылысы үшін құрылыс материалдарын сатып алу кезіндегі қаржы бақылау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### 10-бап. Мемлекеттік міндеттерді атқарумен сыйыспайтын қызмет

1. Лауазымды және мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген өзге де адамдарға және соларға теңестірілген адамдарға (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын, сондай-ақ осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) және 4) тармақшаларында аталған адамдарды қоспағанда) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады. <*>

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуына, егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу заңдарға сәйкес оның қызметтік міндетіне кірмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуына, материалдық игіліктер алу мақсатымен өзінің қызметтік өкілеттігін заңсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке адамдардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуіне тыйым салынады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдар қызметке кiрiскеннен кейiнгi бiр айдың iшiнде өздерiне тиесiлi, пайдаланылуы табыс табуға жеткiзетiн мүлiктi Қазақстан Республикасының заңдарында белгiленген тәртiппен осы мiндеттердi атқару кезеңiне сенiмдi басқаруға беруге мiндеттi, бұған сол адамдарға заңды түрде тиесiлi ақша, сондай-ақ мүлiктiк жалға берiлген өзге де мүлiк қосылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында аталған, осы мiндеттердi атқарумен сыйыспайтын қызметпен айналысатын адамдар жұмысынан шығарылуға тиiстi мiндеттерiн атқарудан заңда белгiленген тәртiппен өзгедей босатылуға тиiс. Аталған мiндеттердi атқарудан мұндай мiндеттердi атқарумен сыйыспайтын қызметпен айналысуына байланысты босатылған мемлекеттiк мiндеттердi атқаруға уәкiлеттiк берiлген адамға немесе оған теңестiрiлген адамға осы бапта көрсетiлген қызметпен айналысуды тоқтатқанға дейiн мұндай мiндеттердi атқаруға қайталап уәкiлеттiк берiлмейдi.

*Ескерту. 10-бапқа өзгерiс енгiзiлдi - Қазақстан Республикасының 2004.05.11. N 552* Заңымен.*(қолданысқа енгiзiлу тәртiбiн 2-баптан қараңыз)*

**11-бап. Жақын туыстардың бiрге қызмет iстеуiне жол бермеу**

1. Мемлекеттiк мiндеттердi атқаруға уәкiлеттiк берiлген лауазымды және өзге де адамдар мен соларға теңестiрiлген адамдардың (осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдарды қоспағанда) өздерiнiң жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бiр және ата-анасы бөлек аға-iнiлерi мен апа-сiңлiлерi, аталары, әжелерi, немерелерi) немесе ерi (зайыбы) атқаратын қызметтерге тiкелей бағынысты лауазымдарды, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаруына болмайды. <*>

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарын бұзған адамдар, егер олар аталған жолсыздық анықталған кезден бастап үш айдың iшiнде оны өз еркiмен жоймаса, мұндай бағыныстылықта болуына жол бермейтiн қызметке ауыстырылуға тиiс, ал бұлайша ауыстыру мүмкiн болмаған жағдайда бұл қызметшiлердiң бiреуi қызметiнен босатылуға немесе аталған мiндеттерден өзгедей түрде босатылуға тиiс.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған негiздер бойынша жұмыстан босатылған адамдардың басқа органдарға, ұйымдарға мемлекеттiк немесе оған теңестiрiлген мiндеттердi атқарумен ұштасатын мемлекеттiк және өзге де қызметке кiруге құқығы бар.

*Ескерту. 11-бап өзгердi - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* **Заңымен**.

**12-бап. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшiн жауапкершiлiк**

1. Мемлекеттiк мiндеттердi атқаруға уәкiлеттiк берiлген адамдардың немесе соларға теңестiрiлген адамдардың мынадай:

1) басқа мемлекеттiк органдардың, ұйымдардың қызметiне заңсыз араласу;

2) аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерiн қанағаттандыруға байланысты мәселелердi шешу кезiнде өздерiнiң қызметтiк өкiлеттiгiн пайдалану;

3) мемлекеттiк және оған теңестiрiлген қызметке кiрген және онда жоғарылатылған кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық);

4) шешiмдер әзiрлеу мен қабылдау кезiнде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;

5) кiмге болса да табыс алуға байланысты кәсiпкерлiк және өзге де қызметтi жүзеге асыруда заңдарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6) мемлекеттiк мiндеттерiн атқару кезiнде алынған ақпаратты, егер ол ресми жариялауға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерге пайдалану;

7) берілуі заңдарда көзделген ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға беруден негізсіз бас тарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру;

8) жеке немесе заңды тұлғалардың табыс етуі заңдарда көзделмеген ақпаратты бұл тұлғалардан талап ету;

9) мемлекеттік қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың немесе қоғамдық бірлестіктердің сайлау қорына беру;

10) жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әлденеше рет бұзу; <*>

11) іззеттілік пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми шаралар өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, жоғары тұрған ресми адамдарға сыйлықтар тарту және қызметтен тыс қызмет көрсету;

12) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда көрінеу кедергі жасау;

13) кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ оған бақылау жасау өкілеттігін сондай қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғаларға беру;

13-1) мемлекеттік бақылау мен қадағалау міндеттерін мемлекеттік орган мәртебесі жоқ ұйымдарға беру;

14) қызметі немесе жұмысы жөнінен жоғары немесе төмен тұрған не өздерімен өзге де түрде тәуелді лауазымды адамдармен ақша немесе өзге де мүлік салынатын сипаттағы құмар ойындар ойнауға қатысу әрекеттері сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болып табылады.

2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың осы баптың 1-тармағында аталған қандай да болсын құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болмаса, қызметінен төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады.

Алғашқы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтардың кез келгенін қайталап жасау заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары немесе осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдар осы баптың 1-тармағында аталған құқық бұзушылықтардың қандайын болса да жасаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар бұл жөнінде тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды, ол бұларды материалдар келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде Парламенттің назарына жеткізуге міндетті.

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ 13-1-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.04.28. N 46* Заңымен.

*Ескерту. 12-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**13-бап. Игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың мынадай әрекеттері игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алуға байланысты сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар болып табылады:

1) өздерінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқарғаны үшін, егер заңдарда өзгедей көзделмесе, өзі тиісті міндеттерді атқармайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызмет және өзге де нысандар түрінде кез келген

сыйақы қабылдау.
Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның шотына келіп түскен, аталған адам білмейтін ақша қаражаты, сондай-ақ оның осы тармақшаның бірінші абзацы бұзыла отырып, тиісті міндеттерін атқаруына байланысты алған қаражаты ол анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзім ішінде тиісті салық органына мұндай қаражат түсуінің мән-жайы туралы түсініктеме табыс етіле отырып, республикалық бюджетке аударылуға тиіс;
2) ізеттілік пен қонақжайлылықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми шараларды өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, өзінің мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерін атқаруына байланысты не қызметі бойынша өздеріне тәуелді адамдардың сыйлықтарын алу немесе қызметін қабылдау.
Аталған адам білмей келіп түскен сыйлықтар, сондай-ақ оның осы тармақшаның бірінші абзацын бұза отырып тиісті міндеттерді атқаруына байланысты алған сыйлықтары жеті күн мерзім ішінде арнаулы мемлекеттік қорға тегін өткізілуге тиіс, ал адамға нақ сондай жағдайлар кезінде көрсетілген қызмет үшін республикалық бюджетке ақша қаражатын аудару арқылы ақы төлеуге тиіс. Өзіне сыйлықтар келіп түскен адам жоғары тұрған лауазымды адамның келісімімен оларды аталған қордан тиісті жерде қолданылып жүрген нарықтық бөлшек сауда бағасы бойынша сатып алуға хақылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша қаражатын арнаулы мемлекеттік қор республикалық бюджетке аударады;
3) жұбайының (зайыбының), туыстарының шақыруы бойынша олардың есебінен;
егер қарым-қатынасы шақырылатындардың қызметтік іс-әрекетінің мәселелерін қозғамаса, өзге де жеке тұлғалардың шақыруы бойынша (жоғары тұрған лауазымды адамның немесе органның келісімімен);
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарының арасындағы өзара уағдаластыққа сәйкес тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын;
жоғары тұрған лауазымды адамның не органның келісімімен, ұйымдардың қаражаты есебінен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіби, гуманитарлық шараларға қатысу үшін жүзеге асырылатын, оның ішінде осындай қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың) жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын сапарларды қоспағанда, шетел, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруды қабылдау; <*>
4) несиелер, қарыздар алуда, бағалы қағаздар, жылжымайтын және өзге де мүліктер сатып алуда заңдарда көзделмеген артықшылықтарды пайдалану.
2. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның отбасы мүшелерінің аталған адам қызметі бойынша байланысты шетел, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының есебінен сыйлықтар мен қызмет, туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруды қабылдауға құқығы жоқ. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам жеті күн мерзім ішінде өзінің отбасы мүшелері заңсыз алған сыйлықтарды арнаулы мемлекеттік қорға тегін өткізуге және республикалық бюджетке ақша қаражатын аудару арқылы өз отбасы мүшелері заңсыз пайдаланған қызмет құнын өтеуге міндетті.
3. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтардың қандайын болса да жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, қызметін төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда

белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады.

Алғашқы құқық бұзушылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде аталған құқық бұзушылықтарды қайталап жасау заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары немесе осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құқық бұзушылықтардың қандайын болса да жасаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар бұл жөнінде тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды, ол материалдар келіп түскен күннен бастап бес күннің ішінде оларды Парламенттің назарына жеткізуге міндетті.

*Ескерту. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**13-1-бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері <*>**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адам немесе оған теңестірілген адам сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей белгіленеді және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

*Ескерту. 13-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**14-бап. <*>**

*Ескерту. 14-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**15-бап. <*>**

*Ескерту. 15-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**16-бап. <*>**

*Ескерту. 16-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. N 346* Заңымен.

*Ескерту. 16-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

**17-бап. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдардың жауаптылығы**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органға басқа мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органының қызметкері жөнінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органының қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органның ұсынуы

бойынша тәртіптік ретпен қызметінен босатуға немесе тиісті міндеттерді атқарудан өзгедей түрде босатуға дейін жазаланады.

2. <*>

*Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.09.25. N 484* Заңымен.

# 3-тарау. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтардың зардаптарын жою

**18-бап. Заңсыз алынған мүлікті немесе заңсыз көрсетілген қызметтің құнын өндіріп алу**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдар немесе соларға теңестірілген адамдар сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде негізсіз байыған жағдайлардың бәрінде заңсыз алынған мүлік мемлекет кірісіне жатқызылуға ал заңсыз көрсетілген қызмет құны мемлекет кірісіне өндіріліп алынуға тиіс.

2. Заңсыз алынған мүлікті өз еркімен тапсырудан немесе мемлекетке оның құнын немесе заңсыз көрсетілген қызмет құнын төлеуден бас тартылған жағдайда прокурордың, салық қызметінің не оған заңмен уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың талабы бойынша соттың шешімімен мемлекеттің кірісіне өндіріп алу жүзеге асырылады. Аталған органдар құқық бұзушыға тиесілі мүлікке сот шешім шығарғанға дейін тыйым салады.

3. Егер мемлекеттік міндеттерді атқаратын адам немесе оған теңестірілген адам жасалған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін қызметінен босатылғаннан, тиісті міндеттерді атқарудан өзгедей босатылғаннан кейін осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарды орындаудан бас тартса, мұндай босату туралы шешім қабылдаған лауазымды адам немесе орган кінәлі адамның тұрғылықты жері бойынша салық органына заңсыз алынған кірістер туралы хабарлама жібереді.

**19-бап. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану және актілер мен іс-әрекеттердің күшін жою**

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасауға байланысты жасасқан мәмілелерді сот заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды. Тиісті актілерді қабылдауға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген органдар немесе лауазымды адамдар, немесе мүдделі жеке немесе заңды тұлғалардың, немесе прокурордың талап етуі бойынша сот сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған актілердің, іс-әрекеттердің күшін жоюы мүмкін.

# 4-тарау. Қорытынды ережелер

**20-бап. Қолданылып жүрген заңдарды қолдану**

Қазақстан Республикасының осы Заң күшіне енген кезде қолданылып жүрген заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және ол күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде оған сәйкес келтіруге тиіс.

*Қазақстан Республикасының*
*Президенті*